

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы 2018 - 2019 жылдарға арналған "Экологиялық төлемдер жүйесін реформалау. Қазақстанда "ластаушы төлейді" қағидатының сақталуын талдау" жобасын іске асыру жөніндегі келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 314 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы 2018 - 2019 жылдарға арналған "Экологиялық төлемдер жүйесін реформалау. Қазақстанда "ластаушы төлейді" қағидатының сақталуын талдау" жобасын іске асыру жөніндегі келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Қанат Алдабергеноұлы Бозымбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы 2018-2019 жылдарға арналған "Экологиялық төлемдер жүйесін реформалау. Қазақстанда "ластаушы төлейді" қағидатының сақталуын талдау" жобасын іске асыру жөніндегі келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 4 маусымдағы  
№ 314 қаулысымен  
мақұлданын  
Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы 2018 - 2019 жылдарға арналған "Экологиялық төлемдер жүйесін реформалау. Қазақстанда "ластаушы төлейді" қағидатының сақталуын талдау" жобасын іске асыру жөніндегі келісім**

Осында және бұдан әрі жеке-жеке "Тарап" немесе бірлесіп "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы төмендегілер туралы келісті:

**1-бап. Келісімнің нысанасы**

1. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Келісімге қосымшада көзделген 2018 - 2019 жылдарға арналған "Экологиялық төлемдер жүйесін реформалау. Қазақстанда "ластаушы төлейді" қағидатының сақталуын талдау" жобасын (бұдан әрі – жоба) жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жоба шеңберінде ЭЫДҰ орындайтын жұмысты қаржыландыруға келіседі.

3. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және өз қолданысын 2019 жылғы 31 желтоқсанда тоқтатады.

## **2-бап. Бюджеттік және қаржыландыру тетіктері**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Келісімге қосымшада көрсетілгендей, жобаны іске асырумен байланысты шығыстарды жабу үшін ЭЫДҰ-ға 132875 еуро (бір жүз отыз екі мың сегіз жүз жетпіс бес еуро) беруге міндеттенеді.

2. Жарна екі кезеңмен төленеді:

1) 66437,5 еуро (алпыс алты мың төрт жүз отыз жеті бүтін, оннан бес еуро) мөлшеріндегі бірінші жарна осы Келісімге қол қойылғаннан және ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактура алынғаннан кейін толық көлемде төленеді;

2) 66437,5 еуро (алпыс алты мың төрт жүз отыз жеті бүтін, оннан бес еуро) мөлшеріндегі екінші жарна ЭЫДҰ-дан тиісті шот-фактураны және жобаның соңында қорытынды есепті алған кезде төленеді.

3. ЭЫДҰ бұл жарнаны қазіргі сәтте жарнаның жалпы сомасынан 6,3 % мөлшерінде әкімшілік шығындарды өтеуге ақы төлеуді көздейтін ЭЫДҰ-ның қаржылық ережелеріне және басқа да тиісті қағидаларына, саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес әкімшілендіретін болады. Шығыс бухгалтерлік есепке алудың жалпыға ортақ қағидаттарына сәйкес ЭЫДҰ шоттарында көрсетіледі және ол ЭЫДҰ аудитінің стандартты қағидаларына сәйкес аудит кезінде тексерілуі мүмкін.

## **3-бап. Жұмыстар мен есептіліктің сипаттамасы**

1. ЭЫДҰ жобаны оның ажырамас бөлігі болып табылатын қоса берілген қосымшада жазылғандай етіп орындайды.

2. Жобаның бірінші жылы аяқталғаннан кейін үш айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне жобаның іске асырылу барысы туралы алдын ала нарративті есепті және шығыстар бойынша алдын ала қаржылық есепті ұсынады.

3. Жоба аяқталғаннан кейін алты айдың ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне жобаның іске асырылу барысы туралы түпкілікті нарративті есепті ұсынады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық есептілікке қойылатын талаптар ЭЫДҰ есептілігінің стандартты форматына сәйкес шығындар туралы есепте сақталуымен келіседі.

## **4-бап. Ақпарат алмасу**

Тараптар бір-біріне жобаны жүзеге асыру үшін қажетті көмек пен ақпаратты ұсынады.

Тараптар арасындағы кез келген ақпаратпен алмасу мына мекенжайларға жіберіледі :

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін: Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі – 010000, Астана қаласы, "Есіл" ауданы, Қабанбай батыр көшесі, № 19 үй, тел. +7 (7172) 78-68-01, + 7 (7172) 74-01-98, + 7 (7172) 74-08-85, факс: + 7 (7172) 97-69-43, эл.мекенжайы: kence@energo.gov.kz; a.shalabekova@energo.gov.kz, m.yesmurzina@energo.gov.kz.

ЭЫДҰ үшін: Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі директорының "Жасыл Өсу" және Жаһандық Байланыстар бөлімі, 75775, Франция, Париж Cedex 16, 2, rue Andre-Pascal, эл.мекенжайы: kumi.kitamori@oecd.org.

### **5-бап. Жобаның нәтижелерін пайдалану**

1. Жобаның кез келген нысандағы нәтижелері ЭЫДҰ-ның айрықша меншігі болып қалады.

2. Үшінші тұлғалардың құқықтары, сондай-ақ ЭЫДҰ-ның құжаттарды сыныптау және құпиясыздандыру жөніндегі қағидалары мен саясаты сақталатын жағдайда, ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне кез келген мемлекеттік коммерциялық емес мақсаттарда жоба бойынша қорытынды есептің қағаз көшірмелерін қолдануға, көшіруге және таратуға айрықша емес, қайтарып алынбайтын құқықты береді. Қазақстан Республикасының Үкіметі сондай-ақ өз веб-сайтында қорытынды есепті орналастыруы мүмкін және тарата алады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет жерде үнемі ЭЫДҰ-ның авторлық құқығын тиісті түрде таниды.

4. ЭЫДҰ ағылшын тіліндегі қорытынды есепті және осындай жарияланым нысанын бірінші жариялау құқығын өзіне қалдырады.

5. Қорытынды есептің жарияланымы Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісіледі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобаға үлесін тану, Қазақстан Республикасы Үкіметінің рәмізі қосылады, ол жарияланым мұқабасының сыртқы бетінде немесе жарияланымның ішінде жоғарыда көрсетілген мақұлдаудың жанында орналастырылады.

6. Жоба барысында ЭЫДҰ-ға ұсынылған, Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген деректер немесе ақпарат Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылады. ЭЫДҰ-ның өз есебін дайындау мақсатында және жобаны жүзеге асыру үшін көрсетілген деректер мен ақпаратты пайдалануға және/немесе енгізуге құқығы бар.

### **6-бап. Дауларды шешу**

Осы Келісімнің қолданысын, жарамдылығын немесе бұзылуын қоса алғанда, оны түсіндіруге, қолдануға немесе орындауға және/немесе осыларға қатысты туындайтын

және келіссөздер жолымен шешу мүмкін емес кез келген дау, келіспеушілік немесе наразылық аралық соттың тұрақты палатасының осы Келісімді жасасу күніне қолданыстағы халықаралық ұйымдар мен мемлекеттерге арналған төрелік сотының факультативті қағидаларына сәйкес міндетті күші бар соңғы төрелік талқылауымен шешіледі. Төрешілердің саны – біреу. Төреші Тараптар арасындағы уағдаластық арқылы таңдалады. Егер төрелік талап етілгеннен кейін үш айдың ішінде мұндай уағдаластыққа қол жеткізілмесе, төреші Тараптардың бірінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген қағидаларға сәйкес тағайындалады. Төрелік сот Франция, Парижде өтеді және барлық іс жүргізу және ұсынылатын түсініктемелер ағылшын тілінде болуы тиіс.

### **7-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер**

Осы Келісімде ештеңе халықаралық ұйым ретіндегі ЭЫДҰ артықшылықтары мен иммунитеттерінен бас тарту деп түсіндірілмеуі тиіс.

### **8-бап. Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### **9-бап. Күшіне ену**

1. Осы Келісім екі Тарап оған қол қойғаннан күннен бастап күшіне енеді және екі Тарап одан туындайтын барлық міндеттемелерді орындағанға дейін қолданылады.

2. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі данадан алты төлнұсқа данада жасалды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерде алшақтықтар болған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз төлнұсқа болып табылады.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметінің тарапынан*

*Қанат Бозымбаев*

*Қазақстан Республикасының*

*Энергетика министрі*

Қолы: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

*Экономикалық ынтымақтастық және даму  
ұйымы тарапынан*

*Антуан Пайль*

*Бағдарламалар, бюджет және қаржы  
мәселелерін басқару қызметі басшысының  
орынбасары, Атқарушы директорат*

Қолы: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

*Экономикалық ынтымақтастық  
және даму*

*ұйымы тарапынан*

*Энтони Кох*

*ЭЫДҰ Қоршаған ортаны қорғау  
жөніндегі*

*директораты директорының  
міндетін атқарушы*

Қолы: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Экономикалық

ынтымақтастық және даму ұйымы  
арасындағы 2018-2019 жылдарға  
арналған "Экологиялық төлемдер  
жүйесін реформалау.  
Қазақстанда "ластаушы төлейді"  
қағидатының сақталуына  
талдау" жобасын  
іске асыру жөніндегі келісімге  
қосымша

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы Елдік бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2018-2019 жылдарға арналған "Экологиялық төлемдер жүйесін реформалау. Қазақстанда "ластаушы төлейді" қағидатының сақталуын талдау" жобасына техникалық тапсырма**

### **Жалпы ақпарат**

Қазақстан Республикасында қолданыстағы табиғатты пайдаланудың экономикалық тетігі қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетуге айтарлықтай әсер етпейді. Тетіктің негізгі элементтері – төлемдер жүйесі, жоспарлау дәстүрлері, ластаушы заттар эмиссияларын лимиттеу негізіндегі нормативтік база - 80-жылдардың соңында және 90-жылдардың басында әзірленген. Қазіргі уақытта аталған тетіктің негізгі сипаттамалары түбегейлі өзгерген экономикалық қатынастарға сәйкес келмейді.

Салық кодексіне ластаушы заттардың эмиссияларына бірыңғай төлем мөлшерлемесін енгізу инвестициялардың ұзақ мерзімді жоспарлауда оң рөл атқарды, бірақ төлемдердің нысаналы мақсаты ынталандырушы емес, бұрынғыша фискалдық сипатқа ие. Қазақстан Республикасындағы төлемдер кәсіпкерлер үшін айтарлықтай жоғары, алайда ешқандай ынталандыру шаралары жоқ.

Қоршаған ортаға келтірілген залалды есептеу үнемі белгіленген коэффициенттердің негізінде жанама әдіспен жүзеге асырылады және іс жүзіндегі әсерге барабар емес. Кейде қоршаған ортаға келтірілген залал сомасы компанияның қаржылық жағдайына сәйкес келмейтін компанияның баланстық құны мөлшерінен бірнеше есе артық.

Ластанудың шекті жол берілетін нормативтерінің негізінде эмиссияларды лимиттеу рәсімдері жиынтық есептер негізінде лимиттерді түзету рәсімдері болмағандықтан, фондық ластанудың нормативтік мәндерінің шегіне шықты, қалалар мен өзен бассейндерінің атмосферасындағы санитариялық-экологиялық жағдайлардың сақталуын қамтамасыз етпейді. Заңнама барлық кәсіпорындарға олардың экологиялық қаупі мен экономикалық мүмкіндік айырмашылықтарына қарамастан, бірдей талаптар қояды. Бұл аса жоғары табиғи қорғау талаптарымен үйлесімде инвестицияларға, оның ішінде дамыған елдер үшін де орындалуы қиын елеулі болжамды қажеттіліктерді қалыптастырады. Осыған байланысты табиғат қорғау қажеттіліктері

мен экономикалық мүмкіндіктер арасындағы алшақтық кәсіпорындардың қажетті ең төмен экологиялық талаптарының өзін жаппай орындамауына әкеліп соқтырады.

Қазақстанда 2016 жылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері (бұдан әрі - ӨКМ) тетіктерінің қағидаты енгізілді.

Экологиялық заңнамаға сәйкес автокөлік құралдарының, қаптамаларының, электр және электрондық жабдықтың өндірушілері мен импорттаушылары өнімнің (тауарлардың) тұтыну қасиеттерінен айырылғаннан кейін пайда болған қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстанда реформа жүргізу құралдары мен нұсқаларын таңдау нақты табиғат қорғау міндеттерін ентисқарастырылуда. Бұл тәсіл ЭЫДҰ елдеріндегі табиғат қорғау саясаты құралдарын таңдау мен әзірлеу тәсілдерінен айтарлықтай ерекшеленеді, мұнда әдетте басталу нүктесі шешімді талап ететін нақты табиғат қорғау проблемасы негізгі болады. Осы проблемаға сәйкес табиғат қорғау мақсаттары айқындалғаннан кейін, әдетте егжей-тегжейлі пысықталатын табиғат қорғау саясатының құралдары таңдалады. Экономикалық құралдар сирек оқшауланып пайдаланылады; нақты проблеманы шешу мақсатында олар тікелей қолданылатын реттеу құралдары және басқа да қосалқы бағдарламаларының топтамасы құрамында не осындай топтамамен қатар қолданылады. Әртүрлі табиғат қорғау проблемаларын шешу мақсатында және ластаушы заттардың әртүрлігіне байланысты табиғат қорғау саясаты құралдарының бірнеше түрін және тәсілдерін қолдану керек.

Сондай-ақ Қазақстанда табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдалану үшін бюджетке төлемдер, міндетті экологиялық сақтандыру, табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру, қоршаған ортаға келтірілген зиянды экономикалық бағалау сияқты экономикалық құралдар қолданылады.

ЭЫДҰ Қоршаған орта саласындағы саясат жөніндегі комитетінің өлшем шарттарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстандағы қолданыстағы практиканың халықаралық талаптарына сәйкестігін толық және нақты түсінуді қамтамасыз ету мақсатында "ластаушы төлейді" қағидатын зерделеу үшін көмек талап етіледі. Бұл Шолу мемлекеттік органдарға және қоғамдық бірлестіктерге жалпы Қазақстан мен оның өңірлері үшін қоршаған орта саясатын дамытуда сараланған шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

## **2. Жобаның мақсаттары**

Экологиялық төлемдер жүйесін реформалау және Қазақстанда "ластаушы төлейді" қағидатының сақталуына талдау жүргізу арқылы табиғатты пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру.

## **3. Жобаның қамтуы**

Жобаны үш кезеңде іске асыру болжануда:

1) алдын ала шолу және талдау фазасы;

2) талдамалық есепті әзірлеу;

3) талдау қорытындыларын талқылау және талдамалық есептің түпкілікті нұсқасын ұсыну.

**Алдын ала шолу және талдау мыналарды:**

Жоба қамтуын неғұрлым егжей-тегжейлі айқындау үшін Энергетика министрлігімен, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен, табиғат пайдаланушылар қауымдастықтарымен консультацияларды;

Қазақстанда жоба ұсынылатын және жобаның қамтуы талқыланатын мүдделі тараптардың қатысуымен алғашқы кездесу өткізуді (дискуссия барысында бұл кезеңде қаншалықты мүмкін болса, негізгі проблемалар айқындалатын болады, бірақ бұл ретте жобаның қамтуы, мақсаттары мен міндеттері мүмкіндігінше нақты айқындалатын болады);

қолжетімді материалдар, атап айтқанда, мемлекеттік стратегиялық құжаттар мен саясат мәселелері жөніндегі құжаттар, жоспарлар, бюджеттік шығыстардың ортамерзімді бағдарламаларын әзірлеу бойынша нормативтер, ұлттық және халықаралық жарияланған және жарияланбаған есептер мен басқа да материалдарды талдау негізінде сектордағы ағымдағы жағдайды шолуды;

одан әрі зерттеу элементтерін нақтылау, деректермен ақпаратты жинақтау үшін тиісті мемлекеттік, мемлекеттік емес және халықаралық ұйымдар өкілдерімен бірқатар екіжақты кездесулер мен консультациялар өткізуді қамтиды.

**Талдамалық есепті әзірлеу мыналарды:**

мынадай негізгі элементтерді қамтитын есеп жобасын дайындауды:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы реттеудің Қазақстанда қолданылатын экономикалық тетіктерінің тиімділігін талдауды;

2) Қазақстанда қолданылатын және халықаралық практикада пайдаланылатын экономикалық тетіктердің ЭЫДҰ негізгі қағидалары мен қағидаттарына сәйкес келуін талдау;

3) салық салудың шетелдік тәжірибесі және экологиялық таза технологияларды инвестициялауға кәсіпорындарды ынталандырудың экономикалық тетіктерін;

4) ең үздік өндірістік және экологиялық әсерге қол жеткізу мақсатында жаңа технологияларды инвестициялауға ынталандыру үшін заңнаманы өзгерту бойынша ұсыныстарды;

есеп жобасы ұсынылатын және оның түпкі құрылымы келісілетін мүдделі тараптармен қорытынды кездесулер өткізу және жобаны талқылау үшін салалық қауымдастықтар мен ұйымдарды тартуды;

Қазақстандағы әріптестердің ескертулерін есепке ала отырып, есепті қайта қарауды қамтиды.

**4. Жобаны іске асыру сипаттамасы**

Жоба Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен (бұдан әрі – жергілікті үйлестіруші), сондай-ақ Қаржы және ұлттық экономика министрліктерімен, "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және мүдделі салалық қауымдастықтармен тығыз ынтымақтастықта іске асырылатын болады. ЭЫДҰ және Ұлттық үйлестіруші мүдделі тараптармен әртүрлі ұйымдардың қатысуымен жұмысы осы жобаның шеңберінде жүзеге асырылатын бағдарламаның және оның жекелеген элементтерінің қамтуын одан әрі талқылау үшін кездесу ұйымдастырады.

Жобаны ЭЫДҰ жоба менеджерінің басшылығымен және оның тікелей қатысуымен халықаралық консультанттар тобы іске асыратын болады. Энергетика министрлігі ЭЫДҰ-ның жетекші әріптесі ретінде ЭЫДҰ-мен қатар жобаны іске асыруда негізгі рөл атқарады. Министрлік жобаны елімізде үйлестіру үшін Жоба үйлестірушісін тағайындайды. Қаржы және ұлттық экономика министрліктері өкілдерінің бұл жобаға белсенді қатысуы маңызды болып табылады.

Жобаның жергілікті үйлестірушісі жобаның іске асырылуына белсенді қатысып, негізгі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл бойынша қызметті жүзеге асыратын болады. Ол өз жұмысында негізгі мемлекеттік ведомстволары жолға қойған жұмысқа және Энергетика министрлігінің қолдауына сүйенетін болады. Жобаның жергілікті үйлестірушісі ЭЫДҰ-ның жоба менеджерімен тығыз ынтымақтастықта болады. Атап айтқанда, жергілікті үйлестіруші мыналарға жауап береді:

- ақпарат көздерін айқындау, ЭЫДҰ атынан жоба менеджерінің сұрау салуы бойынша құжаттар жинау;

- жобаға қатысты мәселелер бойынша, атап айтқанда, ЭЫДҰ сапарлары шеңберінде қызметкерлер кездесуі тиіс негізгі мүдделі тараптарды айқындау мәселелері бойынша ұлттық органдармен өзара іс-қимыл жасау;

- елімізде мүдделі тараптар кездесулерін ұйымдастыру;

- есеп жобасын және талдау қорытындысы бойынша есептің соңғы нұсқасын әзірлеуге қатысу;

- жоба қызметкерлеріне ұйымдастыру мәселелерін шешуде жәрдемдесу: жазбаша шақырулар әзірлеу, виза беруде жәрдемдесу, кездесу өткізу орнын анықтау, кездесулерді сәтті өткізуді қамтамасыз ету, құжаттарды мемлекеттік тілден ағылшын тіліне аударуды ұйымдастыру (қажет болған жағдайда).

Жалпы жобаны әзірлеу және іске асыруды ЭЫДҰ-ның жоба менеджері үйлестіретін болады. Атап айтқанда, ЭЫДҰ-ның жоба менеджері мыналарға жауап береді:

- жоба бойынша жұмыс үшін халықаралық консультанттарды айқындау;

- жобаны іске асыруға жәрдемдесу үшін елдегі мемлекеттік лауазымды адамдармен өзара іс-қимыл жасау;

- жобаны іске асыру мерзімдеріне бақылауды жүзеге асыру;

- талдамалық жұмыстың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін түсініктемелер беру және есеп жобаларын редакциялау;



еліміздегі мүдделі тараптардың кездесулеріне қатысу.

Жоба ШЕКОА және ЭЫДҰ елдерінде экологиялық төлем жүйесі білімімен практикалық тәжірибесі бар халықаралық консультанттардың қолдауымен ЭЫДҰ-мен іске асырылатын болады. Консультанттарды тікелей ЭЫДҰ жалдайтын болады. Халықаралық консультанттардың басты функциялары – қажетті деректерді жинау және ұсынымдарды әзірлеу мақсатында Қазақстанда көшпелі миссия өткізу болады. Халықаралық консультанттарға ұлттық консультант жәрдемдесетін болады; халықаралық консультанттар ЭЫДҰ жоба менеджеріне есеп береді.

## 5. Қызметтің нәтижелері мен мерзімдері

Жобаны іске асыру 2019 жылғы 31 желтоқсанға қарай аяқталатын болады. 2019 жылғы желтоқсанға қарай жобаның мынадай негізгі нәтижелерін алу күтілуде:

жоба бойынша жұмыс үшін консультанттарды аяқындау және тарту – 2018 жылғы сәуір;

жобаны іске асыруды бастауға арналған мүдделі тараптармен кездесу – 2018 жылғы мамыр - маусым;

Қоршаған ортаны қорғау саласында Қазақстанда қолданылатын реттеудің экономикалық тетіктерінің тиімділігін талдау (*нақты мысалдар мен негізделген есеп теулерді келтіре отырып*) – 2018 жылғы қазан;

Қазақстанда қолданылатын және халықаралық тәжірибеде пайдаланылатын экономикалық тетіктердің ЭЫДҰ негізгі қағидалары мен қағидаттарына сәйкес келуін талдау (*Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу бойынша нақты ұсыныстар келтіре отырып*) - 2018 жылғы қараша;

салық салудың шетелдік тәжірибесіне шолу жасау және экологиялық таза технологияларды инвестициялауға кәсіпорындарды ынталандырудың экономикалық тетіктері (*Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу бойынша нақты ұсыныстар келтіре отырып*) - 2018 жылғы желтоқсан;

түпкілікті есепті әзірлеу – 2019 жылғы қаңтар - наурыз;

қорытынды кеңес өткізу – 2019 жылғы наурыз;

Талдамалық есеп қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жол картасын әзірлеу – 2019 жылғы наурыз – маусым;

қорытынды есепті жария ету – 2019 жылғы қыркүйек.

## 6. Жоба бюджеті

- Жобаның жалпы бюджеті 132875 еуроға (бір жүз отыз екі мың сегіз жүз жетпіс бесеуро) бағаланады. Жобаны республикалық бюджет арқылы іске асыру көзделеді.

Бюджетті пайдалану бойынша есеп

Санаты	Жалпы есептеу құны (еуро)
Иссапаршығыстары	20000
ЭЫДҰ қызметкерлеріне жұмсалатын шығындар	50000

Консультанттардың көрсетілетін қызметтері	50000
Көрсетілетін аудармақызметтері	5000
ЭБДҮ әкімшілікалымы (6,3 %)	7875
Шығыстаржиыны:	132875

\*Ескертпе: Бюджеттің бір жолындағы кез келген артық шығыс толық бюджет шеңберінде қала отырып, бюджеттің басқа жолындағы жетіспеушілікті өтеуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ